



**Эсенкенің өмір жолы-
на тоқталып жатпаймын.
Бұл туралы айттылып жүр.
Мен де бұрын Эскерғали
Шамғоновтың қандай
ғалым, ұстаз болғаны тура-
лы жазған едім.**

Қазір бірер ауыз сөз Эскерғалидің кісілігі туралы айтқым келеді.

Эсенкенің 60-70 жылдығы ту-
ма-туystaryның, дос-жаранды-
рының, әріптестерінің арасында
шат-шадыман күйде өткен. Бері
де келісіп, үйлесіп тұргандай бол-
ды. Өзі де сол кезде кемелділік-
тің символындей болып көрініп
еді. Енді, міне, Эсенкенің 80 жыл-
дығы өзінсіз және мына панде-
мияның кесірінен тар шенберде
өткелі тұр. Берікті аспанға атып,
шаттанатын шақ емес. Әрине, Эсе-
кенің орны үңірейіп бос қал-
ғандай болып тұрганы. «Незаме-
нимых людей нет» деген қасаң қа-
ғида бар. Эсенкендей адам енді біз-



Kісілігімен қагірлі егі

ге табылар ма?! Эскерғалидің ба-
лалық шағы соғыс жылдарында
өтті. Эсекен де сол соғыс кездегі
қыындықтарды бастап кешіп, біз
білетін ынталы, жігерлі, табанды,
жан-жақты адам болып есіп шық-
ты. Эсекен туралы «өзін-өзі жа-
сады» деп айтудымызға болады. Марқұм Эсекене әрқашанда се-
нуге болатын. Ол сенің тауынды
қайтармас еді.

Абайдың 175 жылдығына бай-
ланысты баспасөзде «толық адам»
ұфымы онды-солды қолданылуда.
Мен Абайдың «толық адам» деген
ілімі туралы көптен бері айт-
тып та, жазып та жүрмін. Сондай
толық адамды бізге алыстан
іздеудің қажеті жоқ. Сондай толық
адам біздің Эсекен мен Исатай
болатын. Құдайға да сондай то-
лық адамдар керек болғаны гой.
Толық адам деп Абай ақыл, қай-
рат, жүректің адамын айтады. Эсе-
кенде бұлардың бәрі де бар еді.

Эсекене «тұлға» деген ұғым да
жарасады. Оны ешкіммен шатас-
тыра алмайсың. Қай кезде де,
қай жерде де оның орны бөлек.
Жаңа мен Эсекенді «өзін-өзі жа-
саған» деп сипаттадым. Бұл үшін
адам өзін-өзі танып білуі керек.
Ең қыын нәрсे осы екен. Адам
бәрін танып білгісі келеді. Бәріне
қызығады. Бірақ өзін ұмытып ке-
теді. Эскерғалидің тұлға ретінде
басқаларға ықпалы басым болды.
Сөзі мен ісінің арасында алшак-
тық болған жоқ. Оның жауалкер-
шилігі мықты болды. Қалай болса

солай сейлеу, қалай болса солай
жұмыс істеу – ол үшін ақылға
сыймайтын нәрсес. Эскерғалиден
немікүрайлылықтың ізі де бай-
қалмайтын.

Ұстазға бедел, мәртебе қажет
деміз. «Ұстаз мәртебесі» деген
зан да қабылданып жатыр. Бірақ
мәртебе деген занмен келмейтін
нәрсес. Ұстаздың беделі тек білім-
мен, мінезben, кісілікпен байла-
нысты. Әріптестерінің алдында,
студенттердің алдында да Эсе-
кенің беделі жоғары болды. Сту-
денттер оның дәрісін, сабағын
асыға күтетін еді. Ешқашан жібер-
меуге тырысатын. Олар «Сабак
кеzінде уақыттың қалай өткенін
білмей қалатынбыз» дейді. Сту-
денттердің мұндай ынтасты олар-
дың мамандығына байланысты
ма екен деп ойлаушы едім. Эко-
номика, қаржы, қарожат дегендер
жауапты нәрсес.

Эскерғали мен Хамида тауып
қосылғандай жандар еді. Екеуі де
абыройлы болды, екеуі де ғалым,
екеуі де декан болды, екеуі де
кафедра басқарды. Бірақ екеуінің
орны барлығы үшін бөлек еді. Фи-
лософияда «Қарама-қарсы жақтар
бірін-бірі керек етеді» деген сөз
бар. Эсекен мен Хамида шынын-
да да бірін-бірі толықтырып жүр-
ді. Хамида үйде де, түзде де өз
рөлін ойдағыдай атқарды. Эсе-
кенің абыройын асыра білді.

**Тілекжан РЫСҚАЛИЕВ,
философия ғылымдарының
докторы, профессор**